



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗІРГІ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІ

Қуанбаева Алуа

Kuanbekova_a@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Г.Қ. Букешова

Еуропалық көші-қондық дағдарыс 2015 жылдың басында Еуропалық одақ (ЕО) елдеріне Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия елдерінен босқындар мен заңсыз көшіп-қонушылар бірнеше рет ағымының көбеюіне және ЕО – тың оларды қабылдау және бөлуге дайындықсыз болғанынан басталды.

Бұл көші-қондық дағдарыс Еуропадағы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ірі дағдарыс болып табылады [1]. 2015 жылдың қаңтарынан қыркүйегіне дейін баспана іздеуші 700 мың адам тіркелді [2]. Тек 2015 жылы ғана ЕО-қа 1 млн-нан 1,8 милл-ға дейін босқындар мен заңсыз мигранттар келді. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 280 000 – ге жуық ілкелді [3].

Көші-қондық қозғалыстың негізгі себептері экономикалық, саяси, демографиялық және ұлттық-құқықтық тұрақсыздықтар.

Оларға мыналар жатады:

- аймақтардағы жағдайды тұрақсыздандырған соғыс және қарулы қақтығыстар, оның ішінде Ирактағы Азаматтық соғыс;

- Сириядағы азаматтық соғыс, Ауған соғысы (2001-2014 және 2015);

- ИГИЛ-ге қарсы Ливиядағы әскери операциялық соғыс;

- Сербия және Косоводағы дағдарыс;

- Украинаның шығысында қарулы жағдай;

- Нигериядағы діни қақтығыстар;

- Йеменде және Пәкістандағы қақтығыстар.

- Африка және Таяу Шығыс елдеріндегі демографиялық жарылыс, осы елдердің еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге экономиканың нашарлауы, күшейіп келе жатқан кедейлік, әлеуметтік теңсіздік және белең алып келе жатқан экстремистік ағымда [4].

2015 жылы Еуропаға келуші босқындар санының босқындар санының күрт өсуінің негізгі себептері мыналар болып табылады:

- Сириядағы азаматтық соғыстың шиеленісуі, қақтығысты шешуде перспективасының болмауы, Ирак пен Ауғанстандағы соғыс (босқындарды негізгі шығу елдері), Африка және Таяу Шығыс аумақтарындағы басқа да қақтығыстар босқындарды отанына қайтаруға кедергі келтірді, сондай-ақ олардың күнкөрістік меншікті қаражаттары таусылған соң (босқындар жұмыс істеуге құқығы жоқ) лагерлерін тастап өмір сүру деңгейлерін жоғарылату үшін Еуропа елдеріне қарай бағыт алуға тура келді [5].

- Түркиядағы босқындарға арналған лагерлерді қаржыландырудың нашарлауы, Ливан және Иорданияда тамақтану мөлшерін қысқарту және су мен электрді пайдаланғаны үшін. Босқындардың балаларының мектепке бару мүмкіндігінің болмауы [6];

- Ислам мемлекеті бақылаудағы елдердің аумағын кеңейту, босқындар санының толуы көбеюіне септігін тигізді және оларсыз далагерлер толық болды.

Босқындардың келген елдерінде экономикалық перспективалардың болмауы басты себеп. Көптеген көшіп-қонушылар олардың туыстары және кең иммиграциялық қауым бар елдерге (Швеция, Германия) түсуге ұмтылады [7].

- Бұрын көшіп-қонушылардың өздері қатысқан Ливиядағы Екінші Азаматтық соғыс көптеген босқындарды Солтүстік Африка мен Ливияның өзінен ЕО елдеріне тұруға мәжбүр етті.

- Босқандармен Жерорта теңізі арқылы қауіпті маршруттардың ашылуы– Греция – Македония – арман қарай ЕО, ескі Жерорта теңізімен бірге Ливияға - Италияға [8].

ЕО – қа кірудің қарапайым тәсілі: Македония үкіметінің Шешімі (2015 жылдың маусымның ортасы) босқындарға үш күндік виза беру туралы мүмкіндік берді, яғни мигранттарға тіркеуден өтусіз Еуропа елдеріне бағыттады және көші-қон ағынының таландырды [9].

Дублинсккелісімінесәйкес, баспана алуға тіркеу немесе өтінім беру бірінші босқындар барған ЕО мүше - мемлекеттерінде жүргізілуі тиіс.

Еуропадағы дағдарыстың тікелей пайда болу себептері мен 2015 жылы босқындар санының күрт өсуінің салдары мыналар болып табылады:

Қаржыландырудың болмауы:

- Еуропалық елдердің бюджеттерінде босқындарды ұстау үшін шығындары қарастырылмаған;

- ЕО елдері бойынша босқындарды қабылдау және бөлудің бірінші тұжырымдамасының болмауы [10].

Еркін тұрғын үй болмауы: Түркия, Ливан және Иордания сияқты елдерге қарағанда, босқындар орналасқан жерлерде шатырлы лагерьлер тұрғызу жеткілікті болды, ЕО – да ауа – райының төмен болуына байланысты босқындарды жылытылатын ақылы тұрғын үй-жайларда орналастыру қажет болды.

Персоналдың болмауы: босқындарды тіркеу үшін, шекаралық бақылаулардағы полицейлердің, аудармашылардың жеткіліксіздігі.

Еуростаттың мәліметтері бойынша, ЕО елдері 2014 жылы саяси баспана беруге 626 715 арыз қабылдады, босқындардың ең көп бөлігі негізінен, мына елдерден - Сирия (20 %), Ауғанстан (7 %), Косово (6 %), Эритрея (6 %) и Сербия (5 %) [11].

2016 жылғы босқындар саны, барлығы 556 880 адам:		
Сирия	8,6%	47747
Ауғанстан	6,2%	34589
Ирак	6,6%	36992
Сербия/Косово	6,2%	34572
Пакистан	4,3%	23798
Эритрея	3,7%	20789
Албания	2,0%	11338
Иран	3,6%	20147
Нигерия	2,5%	14154
Қалған әртүрлі елдерден	56,2%	312754

Енді босқындар санының динамикасын қарастырамыз: халықаралық көші-қон бойынша ЕЫДҰ мәліметтері жыл сайынғы «Халықаралық көші-қон 2016 мониторингі» атты баяндамада берілген: [12].

2014 ж. есепке алынған мигранттардың шығу елдері бойынша
--

Сирия	79 169
Эритрея	34 586
Тропикалық Африка елдері	26 341
Ауғанстан	22 132
Косово	22 069
Мали	10 575
Албания	9 323
Гамбия	8 730
Нигерия	8 715
Сомали	7 676
Басқалар	54 216
Барлығы:	283 532

Сонымен қатар, босқындардың Еуропаға үдере көшуіне тосқауыл қою үшін Түркияға қаржылай көмек көрсетілді. Сондай-ақ Меркель ЕО көшбасшылары Түркияның Еуроодаққа кіру процесін жандандыруға келіскенін атап өтті [13].

Еуроодақ елдері көші-қон дағдарысына байланысты Түркияға 3 млрд еуро көлемінде қаржылай көмек көрсету мәселесін қарастырды.

Бұған қоса Германия канцлері Түркияның 2 миллионнан астам сириялық босқынды өз аумағында орналастыру үшін 7 млрд. еуро жұмсағанын, ал ЕО елдері тек 1 млрд еуро көлемінде ғана қаржылай қолдау көрсеткенін баса айтты. Меркель Еуроодақ елдерін көші-қон дағдарысын реттеуге теңдей үлес қосуға шақырды.

Бұл Түркияға қатысты ақпараттар Еурокомиссия сайтында жарияланды. Мәлімдемеде Еурокомиссияның босқындарға көмек көрсету мен айналысатын қорға қосымша қаражат құятыны айтылған. Бұл ұйым 500 мыңға жуық мектеп жасындағы баланы керек-жарақпен қамтып, 1 миллион 200 адамға ай сайын қаржылай көмек көрсетеді. Айта кету керек, 2016 жылдың наурыз айында Түркия мен Еуроодақ көші-қон түйткілдерін шешу жолдарын қарастырып, Анкараға 2019 жылға дейін 6 миллиард еуро бөлінетін болып келісілген еді [14].

Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоған өткен жылдың соңында Еуроодақты сынға алып, сириялық босқындарға бөлген қаржының жеткіліксіз екендігін басып айтқан болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Европа переживает крупнейший миграционный кризис со времен II мировой войны. [1] (14 августа 2015).
2. OECD: Migration Policy Debates. «ОЕСД» (сентябрь 2015). — ОЭСР: Дебаты о миграционной политике. Проверено 18 октября 2015.
3. BBC Русская служба. Миграционный кризис в Европе в цифрах и графиках. BBC Русская служба. Проверено 23 сентября 2016.
4. Европа в окружении беженцев. Радио Свобода. Проверено 10 июня 2017.
1. 5.Warum Flüchtlinge nach Europa kommen (нем.). «UNHCR» (25. September 2015). — UNHCR: Почему беженцы бегут в Европу. Проверено 19 ноября 2015.
2. 6.reasons Europe's refugee crisis is happening now (англ.). «The Washington Post» (18 September 2015). - 8 причин миграционного кризиса в Европе. Проверено 19 ноября 2015.
3. 7.Европа в окружении беженцев. Радио Свобода. Проверено 10 июня 2017.
7. Ярослав КОРОБАТОВ | Сайт «Комсомольской правды». На Европу идет демографическое цунами (9 февраля 2016). Проверено 22 сентября 2016. Архивировано 23 февраля 2017 года.
8. Беженцы в Македонии: покинуть страну за 72 часа. «Deutsche Welle» (21 августа 2015). Проверено 19 ноября 2015.
9. Кризис солидарности. Проверено 10 июня 2017.
10. Annual Risk Analysis 2015. Frontex (27 April 2015).

11. OECD. International Migration Outlook 2016 (англ.). OECD (19.09.2016). Проверено 20 ноября 2016.
4. 13.Көші-қон дағдарысы: ЕО Түркияға қаржылай көмек көрсетуі мүмкін //www.bnews.kz
14. ЕО Түркияға көші-қон дағдарысымен күреске 3 млрд еуро бөледі// <http://fifa2014.zakon.kz>

ӘОЖ 32.019.5

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ШЕКАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мақашева Элеонора Мұхамедәліқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, аймақтану мамандығының 1 курс магистранты Астана,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - П.Қ.Қилыбаева

Қазақстан-Ресей қатынастарының тәжірибесінде аймақтық және шекаралық ынтымақтастықтың нақты түрлері қалыптасқан. Олардың келесідей түрлерін атап өтуге болады: - мемлекеттер арасындағы, олардың әкімшілік-территориялық құрылымдары мен жергілікті басқару органдарының арасында аймақтық және шекаралық ынтымақтастық туралы келісімдерге келу; - өзара жоспарлар мен іске асыру бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру; - екі елдің шаруашылық субъектілері мен басқа да заңды тұлғалары арасындағы ынтымақтастық туралы азаматтық-құқықтық келісімдерге келу; аймақтық және шекаралық ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған нақты механизмдерді ойлап табу мақсатында шекаралық ынтымақтастық бойынша өзара реттеуші органдарын және оларға қатысты жұмыс органдарын құру; шекаралық ынтымақтастық бойынша өзара кездесулер мен форумдарды өткізу [1]. Соңғы жылдардағы Ресей - Қазақстан қатынастарының сараптамасы жоғарыда айтылған аймақтық және шекаралық ынтымақтастықтың жүзеге асырылу деңгейін, олардың ерекшеліктерін және тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

1995 ж. бастап қазіргі кезеңге дейінгі Ресей және Қазақстан аймақтарының арасындағы шекаралық ынтымақтастық нақты мемлекетаралық Келісімдер мен Бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Екі мемлекет арасындағы аталмыш Келісімдерге 1995, 1999 және 2010 жж. қол қойылды. Бұл құжаттар келесідей уақыт аралығында қол қойылған ресей-қазақстан аймақтарының шекаралық ынтымақтастығының үш бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылды: 1999-2007 жж.; 2008-2011 жж. и 2012-2017 жж. [2]. Осы келісімдердің сараптамасы, жалпы алғанда олардың барлығы ынтымақтастықтың бірдей бағыттарын құрайтындығын көрсетті. Атап айтсақ, сауда экономикалық бағыт, өнеркәсіп, көлік, денсаулық сақтау және әлеуметтік саясат, көші-қон саясаты, құқыққорғау, кеден, шекаралық бақылау, ғылым және білім, қоршаған ортаны қорғау, туризм, мәдениет, спорт және жастар саясаты салалары. Келісімдердің басты айырмашылығы олардың мерзімдерінде ғана: 1995 және 2010 жж. Келісімдер бес жыл мерзімге құрылған болса, 1999 ж. келісім жеті жыл мерзімге құрылды. Шекаралық ынтымақтастықты дамыту барысында олардың түрлері де өзгеріп отырды. Мысалы 1999 ж. Келісімнің ерекшелігі оның 1999-2007 жж. арналған Ресей және Қазақстан аймақтарының шекаралық ынтымақтастық Бағдарламасымен бірге қабылданғандығында болып табылады. Солай бола тұра, жақтар Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыс координациясын шекаралық аймақтардың өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық бойынша Үкіметаралық комиссияға жүктеді (11 бап).[3]. Осылайша келісімдердің орындалуын координациялау алғашқы рет ұлтүсті органға табысталды. Басқа бағдарламалар болса Келісімге қол қойылғаннан кейін ақ қабылдана берді. 2010 ж. Келісім жалпы шарттар мен келісімдердің қол қойылуының дайындығына маңызды терминдердің түсіндірмесін